

БЕКІТЕМІН:
Мектеп директоры:



М.М.Куткожина

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер ауданы
білім бөлімінің «Әбіш Кекілбайұлы атындағы орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран»
балалар мен жасөспірімдер ұйымының 7 бағыты бойынша
жасалған жылдық Ж О С П А Р Ы**

2023-2024 оқу жылы

МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

- Өскелең ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру;
- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетін қалыптастыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- Танымдық жұмыстарын ынталандыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілетін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту;

-

1. «Отан» (патриоттық) бағыты
2. «Зерде» (танымдық) бағыты
3. «Руханият» (адамгершілік, адалдық) бағыты
4. «Салауат» (салауатты өмір салты) бағыты
5. «Еңбек» (еңбексүйгіштік, іскерлік) бағыты
6. «Жеті жарғы» (құқықтық) бағыты
7. «Экоәлем» (экологиялық) бағыты

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ АЙЫ

СӘУІР – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ айы

1. «ОТАН» (патриоттық) бағыты – Отанымыз Қазақстанның өткен тарихы мен оның қалыптасу, даму, нығайту жолдарымен таныстыратын, халық тарихына қатысты ұлы тұлғалар жөнінде білім беретін, әдеби және мәдени құндылықтарды насихаттайтын, шетелде тұратын қазақ балаларымен байланыс орнатуға ықпал жасайтын, жалпы халықтық мейрам-мерекелерді өткізуді, мемлекеттік тілді меңгертіп, оның қолдану аясын кеңейтуге бағытталған шараларды қамтиды.

№	Өткізілетін іс-шаралар	Ұйымдастыру түрі	Мерзімі	Жауапты
1	1 қыркүйек – Білім күні салтанатты жиын Білім күнін және «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты «Мектеп-мейірбандық мекені» республикалық челленджі Хэштег: Bilim_quni	Салтанатты жиын және сынып сағаттары <i>бейнеролик</i>	1.09.2023ж	ДТЖО, Сынып жетекші Тәлімгер Кітапхана Педагог психолог Әлеуметтік педагог
2	«Жас Ұлан» ұйымының құрамын сайлау, мақсат, міндеттерін таныстыру, жоспарын бекіту	Отырыс	Қыркүйектің алғашқы аптасы	Тәлімгер
3	«Отбасылық дәстүрлер» (« <i>Ғаламтор қауіпсіздігі</i> » жобасы) «Әкелер кеңесі», «Аналар мектебі», «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі» мүшелерін сайлау, жоспарын бекіту және жұмысын жандандыру	Ата-аналар жиналысы, ата-аналар жиналысының хаттамасы	14-15.09.2023 Жыл бойы	Ата-аналар академиясы Мектеп әкімшілігі Сынып топбасшылары
4	«Ақылды бейсенбі» тәлімгер уақыты 8-10 сыныптар «Үш бәйтерек- бес арыс» алаш зиялыларның өнегелі өмірлерін кеңінен насихаттау. Бес арыс: А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов Үш бәйтерек: С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин	Танымдық сағаттар, желіге бейнеролик жариялау	Ай сайын	Тәлімгер Сынып жетекшілер Мектеп театры жетекшілері
5	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау. 1-8 сыныптар	Салтанатты жиын	25.10.2023ж	ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер
6	«Ұлттық киім –ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы) 1-7 сыныптар	Сән үлгілерін көрсету	14.03.2024ж	ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер
7	1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні, 1-11 сыныптар	Сынып тәрбие сағаты	30.04.2024ж	ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер
8	Сыңғырла соңғы қоңырау 1-11 сыныптар	Салтанатты жиын	25.05.2024ж	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші Тәлімгер

2. **«ЗЕРДЕ» (танымдық) бағыты** – өзін өзі тану, отбасы және қоршаған орта туралы толық білу, осы заманға ғылыми және мәдени біліммен қарулану, өз елінде және өзге елде болып жатқан жаңалықтармен танысу. Сабақтан тыс уақытта оқушылардың зияткерлік деңгейінің көтерілуін жан-жақты көзқарасының кеңеюін жетілдіруге, үнемі ізденіс пен білімге деген құштарлығын арттыруға, ықпал ететін шараларды қамтиды.

№	Өткізілетін іс-шаралар	Ұйымдастыру түру	Мерзімі	Жауапты
1	«Оқуға құштар ұлан» 2-11 сыныптар	Акция, желіге бейнеролик жариялау	Ай сайын	Тәлімгер Ұйымдастырушы педагог
2	«Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр» 1-4сыныптар	<i>«Балалар кітапханасы» жобасы</i>	13.09.2023	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші Кітапханашы Тәлімгер
3	«Әкем үйреткен» 2-11 сыныптар «Алаш арысы А.Байтұрсынов туралы 30 факт» «Ж.Аймауытов-Алаштың айбозы» «Әлихан Бөкейханов: Аңыз адам» «М.Дулатов – мәңгілік ел алыбы» «Алаштың сөнбес жұлдызы – М.Жұмабаев»	Жоба Тәрбие сағаттары, желіге бейнеролик жариялау	Ай сайын	Сынып жетекшілер Тәлімгер Әкелер мектебі
4	«Менімен бірге арманда!» Алаш қайраткерлерінің өмірі туралы кинофильмдерді бірге көру, насихаттау.	Акция	Ай сайын	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер
5	«Ұлағатты Ұлан», «Оқуға құштар өрен», «Үздік топбасшы», «Үздік сынып» байқауларын ұйымдастыру. 2-11 сыныптар «Ұлағатты ұландар» электронды құрмет тақтасы	Байқау Үздіктерді марапаттау	Оқу жылы соңында	ДТІЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер
6	«Мен жастарға сенемін!» Көшбасшылардың диалог алаңы	Диалог алаңы	Тоқсан сайын	Тәлімгер «Жас Ұлан» ұйымы
7	«STAND UP» медиафорум 8-11 сынып	Жоба	Тоқсан сайын	Тәлімгер «Жас Ұлан» ұйымы

3. **«РУХАНИЯТ» (адамгершілік, адалдық) бағыты** – балалар мен жас жеткіншектерді жалпы адамгершілік қасиеттерге ие болуға және Отанға, еңбекке, жалпы қоршаған ортаға, өзінің жеке тұлғасына деген сезімін тәрбиелеу. Даму және дамыту, ізгілік пен

парасаттылық қасиеттерін сіңдірту. Жақсылық атаулыға деген арттырып, жамандыққа жол бермейтін ата-ана, туыс, достар, ұжым, халқы, Отан алдындағы парызды сезінетін, адалдық, адамгершілік ұстанымдарды берік сақтауға үйрететін шараларды қамтиды.

№	Өткізілетін іс-шаралар	Ұйымдастыру түру	Мерзімі	Жауапты
1	«Мектеп – мейірбандық мекені» (<i>«Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы</i>) <i>«JAS ULAN TEAM» ұландардың еріктілік уақыты</i>	«Мектепке жол» акциясы Еріктілер жасақтарының шаралары, Қайырымдылық акциясы, танымдық сағаттар, апталықтар	1.08-30.09.2023ж Ай сайын	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекші Тәлімгер Педагог- психолог Әлеуметтік педагог
2	«Қарттарым, аман-сау жүрші!» қазан қарттар күніне арналған мерекелік шара	Кездесу	Қазан 2023ж	Ардагерлер кеңесі ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер
3	«Наурыз поштасы»	Құттықтау	19.03.2024ж	«Жас ұлан» ұйымы
4	«Қош келдің, әз Наурыз!» 1-11 сыныптар	Мерекелік шара	Наурыз	ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер

4. **«САЛАУАТ» (салауатты өмір салты) бағыты** – ағзаны шынықтыратын, дененің дұрыс қалыптасуын, мүсіннің сымбатты болуын қамтамасыз ететін, гигиеналық дағдыларға баулитын, ұлттық ойындарды меңгертетін, олардың пайда болу және даму тарихымен таныстыратын, салауатты өмір салтын насихаттайтын, ірі спорттық жетістіктерге ынталандыратын, әр кезеңдегі спорт саңлақтарының өмірі спорттағы жетістіктерімен таныстыратын іс-шараларды қамтиды.

№	Өткізілетін іс-шаралар	Ұйымдастыру түру	Мерзімі	Жауапты
1	«Көңілді үзіліс» 1-11 сыныптар	Қимыл-қозғалыс ойындары Тренинг Кітап оқу <u>Тапсырмалар орындау</u>	Ай сайын	Тәлімгер Сынып жетекшілер
2	19 қараша «Темекі шегуге қарсы» күні «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» 5-9 сыныптар	Флешмоб	<u>16.11.23</u>	ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер
3	«БҰРЫМ TREND» 5-11 сыныптар	Инста байқауы	наурыз	Тәлімгер Сынып жетекшілер

5. **«ЕҢБЕК» (еңбексүйгіштік, іскерлік) бағыты** – жеке тұлға ретінде қалыптасуға ықпал ететін, қоғамдық негізде ұйымдастырылған жұмыстарға қатысу, өзі тұратын өңірде кең таралған еңбек түрлерімен танысу арқылы қажетті еңбек дағдыларын үйрену. Туған өңірінде әр кезеңде еңбегімен танымал болған, атақты тұлғалардың өмірі мен еңбектегі жетістіктерімен таныстырып, оны мақтаныш

етуге өнер түрлері (архитектура, қолөнер, құрылысшы, сурет, мүсінші) туралы түсініктерін кеңейтуге, еңбек рахатын, сұлулығын сезіне білуге ықпал ететін шараларды қамтиды.

№	Өткізілетін іс-шаралар	Ұйымдастыру түру	Мерзімі	Жауапты
	«Бақыттың кілті - еңбекте»	Акция	Тоқсан сайын	«Жас Ұлан» ұйымы Тәлімгер
	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» (<i>«Ұлттық мектеп лигасы»</i>) 1-6 сыныптар	Ұлттық ойын	Ақпан	Дене шынықтыру бірлестігі <u>Тәлімгер</u>
3	«Үміт сәулесі»5-11 сыныптар (<i>«Еңбегі ерен жас өрен» жобасы</i>)	Акция	Сәуір	«Жас Ұлан» ұйымы Тәлімгер <u>Сынып жетекшілер</u>

6. **«ЖЕТІ ЖАРҒЫ» (құқықтық) бағыты** – мектеп Жарғысын, оқушыларға арналған мінез-құлық ережелерін білуге, оны сақтауға, мемлекет пен оның заңдарын құрметпен қарауға, жеткіншектердің күнделікті өмірде өздерінің жүріс тұрысына басшылық жасай білуіне ықпал ететін, өз мемлекетінің азаматтарына қамқорлықпен қарап, ел байлығын халық игілігіне жұмсауға ат салысатын оқушылардың азаматтық белсенділігін қалыптастыруға, заң бұзушылыққа қарсы күресуге ықпал ететін шараларды, жастар арасында әр түрлі жүргізілетін әлеуметтік – құқықтық маңызы бар шараларды қамтиды.

№	Өткізілетін іс-шаралар	Ұйымдастыру түру	Мерзімі	Жауапты
1	«Қауіпсіз мектеп» акциясы, 1-11 сыныптар «Бағдаршам әліппесі» 1-сыныптар «Қауіпсіз терезе» 2-сыныптар Абайлаңыз, балақай! 3-сыныптар «Мен және менің инспекторым» 4-сыныптар	Тәрбие сағаты	09-13.10.2023ж	ДТЖО Тәлімгер Психолог Сынып жетекші

	«Әлеуметтік желідегі қауіпсіз әлем» 5-сыныптар «Буллинг және оның алдын алу» 6-сыныптар «Буллинг – оқушы, қамқор ата-ана» 7-сыныптар «Өрт қауіпсіздігі» 8-сыныптар «Буллинг құрбаны - жасөспірімдер» 9-сыныптар «Суицид - қоғамдағы ірі проблемалардың бірі...» 10-сыныптар			
2	«Бес нәрсеге асықбол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы») 1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Қазан	ДТЖО Сынып жетекші Тәлімгер
3	«Жол тәртібін бұзбайық!» 5-9 сыныптар	Пікірталас	Қараша	Тәлімгер
4	«Ауғанның асуында от кешкендер» 8-11 сыныптар	Кездесу	13.02.2024ж	ДТІЖО Тәлімгер
5	«Медиа time» 5-11 сыныптар («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Видеороликтер байқауы	6.05.2024ж	Сынып жетекші Тәлімгер

7. **«ЭКОӘЛЕМ» (экологиялық) бағыты** – табиғат туралы түсініктерін кеңейтуге, табиғат пен адазат арасындағы байланысты сезінуге, қоршаған орта сұлулығын сезінуге және көре білуге, оны қорғауға, туған өлке табиғатын танып білуге, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, экологиялық зардаптардың себебін түсініп, оны жоюға ұмтылатын, жалпы экологиялық мәселенің адамзат тіршілігіне тікелей байланысын сезінуге ықпал ететін шараларды қамтиды.

№	Өткізілетін іс-шаралар	Ұйымдастыру түру	Мерзімі	Жауапты
1	«ЭКО BOOM» 6-9 сынып	Жоба Сенбіліктер	10.09 – 30.09.2023ж	«Жас Ұлан» ұйымы Тәлімгер
2	«ECO ALEM» үстелдік эко ойын	Эко ойын	Желтоқсан	Тәлімгер
3	«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы) 1-4 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара		Сынып жетекші Жаратылыстану бірлестігі Тәлімгер